

Сарқан ауданы бойынша салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 340 қаулысы . Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 25 қарашада № 5763 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарқан ауданы бойынша салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Сарқан ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Сарқан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Мынбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және бекітілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сарқан ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

А. Муханов

КЕЛІСІЛДІ:

*"Сарқан ауданы бойынша мемлекеттік
кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

А.К. Узбеков

2020 жылғы 24 қарашадағы № 340 қаулысына
қосымша

Сарқан ауданы бойынша салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

№	Елді мекен атауы	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Алмалы ауылдық округі		
		Алмалы ауылы	1,95
		Абай ауылы	1,95

2	Амангелді ауылдық округі		
		Пограничник ауылы	1,95
		Қарауылтөбе ауылы	1,95
		Көкөзек ауылы	1,95
3	Аманбөктер ауылдық округі		
		Аманбөктер ауылы	1,95
		Баянбай ауылы	1,25
4	Бақалы ауылдық округі		
		Бақалы ауылы	1,95
		Кәкімжан Қазыбаев ауылы	1,70
		Тасқұдық ауылы	1,70
5	Екіаша ауылдық округі		
		Екіаша ауылы	1,95
		Тополевка ауылы	1,85
6	Қарабөгет ауылдық округі		
		Қарабөгет ауылы	1,95
		Еркін ауылы	1,70
7	Қойлық ауылдық округі		
		Қойлық ауылы	1,95
8	Қарашыған ауылдық округі		
		М. Толебаева ауылы	1,75
		Үлгі ауылы	1,50
		Шұбартүбек ауылы	1,50
9	Көктерек ауылдық округі		
		Көктерек ауылы	1,75
10	Лепсі ауылдық округі		
		Лепсі ауылы	1,85
		Көкжиде ауылы	1,85
		Көкшалғын айрығы	1,05
		Қаратас станциясы	1,05
		Керегетас айрығы	1,05
		Ақбалық станциясы	1,05
		Сарықұрак айрығы	1,05
		Арғанатты айрығы	1,05
11	Шатырбай ауылдық округі		
		Шатырбай ауылы	1,95
12	Черкасск ауылдық округі		
		Черкасск ауылы	1,95
		Қарғалы ауылы	1,95
		Ақтұма ауылы	1,95
		Ешкіөлмес ауылы	1,50
		Теректі ауылы	1,25

		Аққайын ауылы	1,60
13	Сарқан қаласы		
		Сарқан қаласы	2,10
		Бірлік ауылы	1,95

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК